

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Содержание инновационного образования для одаренных детей

ЖАРИЯЛАНДЫ
28.01.2019СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/52278/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Выдвижения на первый план цели развития личности , рассмотрение предметных знаний и умений как средство их достижения находят отражение в государственных документах. В «Государственной программе развития образования в Республике Казахстан на 2005-2010 годы» указывается на необходимость изменения принципов организации обучения и роли ученика в нем – от пассивного «получателя» знаний, умений , навыков к активному субъекту познавательного процесса. Одним из основополагающих подходов обновления содержания образования является его личностная ориентация , предполагающая опору на сотрудничество и творческое взаимодействие с учеником в учебном процессе. В связи с этим встал вопрос об организации активной познавательной и созидательной деятельности учащихся.

Понимание одаренности как системного качества предполагает рассмотрение личностного развития как основополагающей цели обучения и воспитания одаренных детей. При этом важно иметь в виду , что системообразующим компонентом одаренности является особая , внутренняя мотивация , поддержание и развитие которой должно рассматриваться в качестве центральной задачи личностного развития .

Конкретные цели обучения одаренных учащихся определяются с учетом качественной специфики определенного вида одаренности , а также психологических закономерностей ее развития . Так , в качестве приоритетных целей обучения детей с общей одаренностью могут быть выделены следующие :

— развитие духовно- нравственных основ личности одаренного ребенка , высших духовных ценностей (важно не само по себе дарование , а то , какое применение оно будет иметь) ;

— создание условий для развития творческой личности ;

— развитие индивидуальности одаренного ребенка (выявление и раскрытие самобытности и индивидуального своеобразия его возможностей) ;

— обеспечение широкой общеобразовательной подготовки , обуславливающей развитие целостного миропонимания и высокого уровня компетентности в различных областях знания в соответствии с индивидуальными потребностями и склонностями учащихся.

Содержание инновационного образования для одаренных детей должно отражать , в первую очередь , принцип развивающего и воспитывающего обучения ; принцип учета возрастных особенностей .

Как правило , учебные программы для одаренных детей должны базироваться на таких фундаментальных подходах , как :

1. Ускорение . Этот подход позволяет учесть потребности и возможности определенной категории детей , отличающихся ускоренным темпом развития . Позитивным примером такого обучения могут быть сменная профильная школа « Дарын » , заочная школа олимпийского резерва , летние и зимние лагеря , творческие мастерские , мастер- классы , предполагающие прохождение интенсивных курсов обучения по дифференцированным программам для одаренных детей с разными видами одаренности .

2. Углубление. Данный подход эффективен для учащихся , обнаруживающих особый интерес по отношению к той или иной конкретной области знания или области деятельности. При этом предполагается более глубокое изучение ими тем , дисциплин или областей знания . В нашей стране распространены республиканские заочные школы по основам наук , Физико-математические школы-интернаты , школы с углубленным изучением иностранных языков , где обучение ведется по углубленным программам соответствующих предметов . Практика обучения одаренных детей в школах и классах с углубленным изучением учебных дисциплин позволяет отметить ряд положительных результатов : высокий уровень компетентности в соответствующей предметной области знания, благоприятные условия для интеллектуального развития учащихся и т.п.

3. Обогащение . Этот подход ориентирован на качественно иное содержание обучения с выходом за рамки изучения традиционных тем и установления связей с другими темами , проблемами или дисциплинами . Занятия планируются таким образом , чтобы у учащихся оставалось достаточно времени для свободных , нерегламентированных видов деятельности , соответствующей виду их одаренности . Кроме того , обогащенная программа предполагает обучение детей разнообразным приемам умственной работы , способствует формированию таких качеств , как инициатива , самоконтроль , критичность , широта умственного кругозора и т.д. , обеспечивает

индивидуализацию обучения за счет использования дифференцированных форм предъявления учебной информации . Как правило , такое обучение осуществляется в рамках инновационных образовательных технологий , через исследовательские проекты и специальные тренинги . Именно этот подход взят нами на рассмотрение в диссертационном исследовании.

4. Проблематизация . Этот подход предполагает стимулирование личностного развития учащихся через использование оригинальных объяснений , пересмотра имеющихся сведений , поиска новых смыслов и альтернативных интерпретаций , что способствует формированию у учащихся личностного подхода к изучению различных областей знаний . Такие программы являются либо компонентами обогащенных программ , либо реализуются в виде специальных внеучебных программ .

На сегодняшний день развивающее образование в инновационных учебных заведениях задается определенным направлением , способствующим его гуманизации , дифференциации , вариативности . Общим в характеристике новых моделей инновационных образовательных учреждений является их экспериментальность : разработки и апробация учебных планов и программ , новых учебных курсов ; изучение интерактивности и альтернативности учебных материалов ; написание учебников и учебных пособий ; создание новой образовательной среды ; формирование субъектных отношений в педагогической деятельности.

Жаңартылған білім беру

бағдарламасының өзектілігі

Ақтөбе облысы

Ақтөбе қаласы

КММ «Заречный тұрғын алабы

мектеп-бала бақша кешені»

Бастауыш класс мұғалімі

Сейлханова Шынар Аманғосовна

Елбасы Н. Ә. Назарбаев: «Біз осы заманғы білім беру жүйесісіз, әрі алысты барлап, кең ауқымды ойлай білетін осы заманғы мұғалімдерсіз инновациялық экономика құра алмаймыз»- деп атап көрсеткендей, осы заманғы ұстаз – болашаққа заман ағысымен ілгерілеген озық тұлға. Мұғалімге осындай көзқараспен қарау, оның алдына қойылар

талапты да айқындайды.

Кез — келген адам алдына қойған мақсатына ерік — жігерін аямай еңбек ету арқылы, осы жолда өзін — өзі бар қырынан жетілдіру арқылы жетеді. Әр оқушыны дара тұлға деп танып, олардың бойына үнемі оқып үйренсем деген ізденімпаздық қасиет дарыту, оларға өздігінен білімдерін толықтырып тереңдету тәсілдерін жаңа технологиялармен, әдіс тәсілдермен байланыстыра отырып дамыту

Біліктілікті арттыру бағдарламасының негізгі мазмұнындағы модульдер:

1. Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер.
2. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету.
3. Білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау.
4. Білім беруде ақпараттық — коммуникациялық технологияларды пайдалану.
5. Талантты және дарынды балаларды оқыту.
6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқыту.
7. Білім берудегі басқару және көшбасшылық.

1. Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер:

Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер «Диалог негізінде оқыту және оқу» және метасана немесе «Қалай оқу керектігін үйретуді» қарастырады. Білім беру әдістері ішінде ерекше орын алатыны — диалог. Диалог оқушылардың сөйлесу әрекетін, сұрақты дұрыс қоя білуде, ақпарат алмасуда, жалпы тіл үйренуде таптырмас жұмыс түрі. Әр түрлі тақырыпта диалог құрғызу мынадай нәтиже береді:

*сабақта белсенділік жоғарылайды;

*сөздерді есте сақтау қабілеті дамиды;

*дұрыс сөйлемдер құрауға дағдыланады;

*оқуға қызығушылықтары артады;

«Қалай оқу керектігін» үйретудің қозғаушы күші метатану болып табылады. Метатану индивид қалай ойлайтынын қадағалау, бағалау, бақылау және өзгерту қабілетін түсінеміз. Білім алуды үйрету өз бетімен оқуды ойластыру және ойлау нәтижелерін сабақта қолдана алу үдерісі болып табылады. Бұл үрдісінде мұғалім оқушыға:

— білім міндеті қоятын талаптарды түсінуге;

— жеке ойлау үрдісін және олардың жұмыс қағидаттарын зерттеуге;

— міндеттерді орындау стратегияларын әзірлеуге және ойластыруға;

— нақты міндет үшін сәйкес келетін стратегияларды таңдауға көмектеседі.

2. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы.

Сыни тұрғыдан ойлау дегеніміз не?

«Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту»

бағдарламасы бойынша ол:

— шыңдалған ойлау, кез келген даму деңгейіне байланысты мәселелерге сын көзбен қарау;

— күрделі мәселелерді шешуге, аса маңызды, жауапты шешімге қабылдауға құштарлық;

— үйрету мен үйрену бірлігінен, үйренудің қызығушылығынан тұратын, үйренушінің сеніміне негізделген құрылым.

«Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту» технологиясын қолдану төмендегідей **3. Білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау**

Бағалау — оқыту нәтижесін анықтау үшін қолданылатын тәсіл, оқушының берілген тақырыпты меңгерудегі кемшіліктерін жоюда, оның үлгерімінің нәтижелі болуына ықпал ететін фактор. мектеп тәжірибесіндегі бағалау баға қоюмен ғана шектелетін тәсіл емес, ол материалды меңгеру, меңгермеу фактісімен қатар оның себептерін анықтауға мүмкіндік беретін оқытудың маңызды құрамды бөлігі болып табылады. Бағалау оқыту үшін бағалау және оқытуды бағалау деп екіге бөлінеді. Формативті бағалау әр сабақта жүзеге асатын үрдіс. Формативті бағалау сабақ барысындағы барлық іс — әрекет бойынша оқушының білім, білік деңгейіне қоса дербес ойлауы, түсінігі, тіпті тәртібі т. б. бағаланады.

4. Білім беруде ақпараттық — коммуникациялық технологияларды пайдалану.

Ақпараттық — коммуникациялық технологияның тиімділігі — келешек ұрпақтың жан — жақты білім алуына, іскерлігі мен шығармашылығын еркін дамытуға жол ашатын педагогикалық — психологиялық жағдай жасауында.

5. Талантты және дарынды балаларды оқыту

Дарындылық — адамның өз бейімділігі арқылы, шығармашылықпен жұмыс істеу арқылы қалыптасатын қасиет. Көбінесе “дарынды оқушы - бұл жақсы оқитын оқушы” деген пікір қалыптасқан. Белгілі ағылшын психологы П. Торранстың зерттеулері бұл пікірдің мұғалімдер арасында жиі кездесетінін анықтады. Оларға оқуда қиыншылық туғызбайтын, тәртіпті, ұйымшыл, білімді, тұрақты, ұғымтал, өз ойын нақты және түсінікті жеткізе алатын оқушылар көбірек ұнайды. Ал қисынсыз сұрақ қоятын, өз жұмысымен ғана айналысатын, тәуелсіз, көбіне түсініспеушілік туғызатын, қияли, әр нәрсеге көзқарасы бөлек оқушылар ұнамайды **6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқыту.**

Еш нәрсеге бейімділігі жоқ, қабілетсіз бала болмайтыны педагогикада дәлелденген.

Мысалы, төрт жасар балалар көп сұрақ қояды және «қайда», «не», «кім», «неге», «қашан» сияқты көптеген сұрақтар пайдаланады. Олар бес сөзден тұратын сөйлемді пайдалана алады және олардың 1500 сөзден тұратын сөздік қоры бар. Бес жасар балалар бағыныңқы бөліктері бар алты сөзден сөйлем құрай алады және 2000 сөз пайдаланады.. бірінші сынып оқушылары 6000 сөзге дейін пайдаланады, ал ересектер 25000 сөз пайдаланады және 50 000 сөз біледі.

Жалпы шәкірт бойына білім нәрін сіңіруде ең бастысы оқушының жас

ерекшеліктерін ескеру қажет. Топтық жұмыс немесе диалог барысында оқушының жас ерекшелігін ескере отырып жұмыстану — бұл мұғалімнің жан — жақты ойластырылған шеберлігін қажет етеді.

7. Білім берудегі басқару және көшбасшылық.

Осы заманғы кез келген оқыту технологиясы оқу процесін ұйымдастыру кезеңінде технологияның бар мүмкіндіктерін үнемі шығармашылықпен пайдалану қажеттілігіне көңіл аударуда. Оқыту технологиясын оқыту процесін ұйымдастыру, басқару және бақылау деп түсіну керек. Осы орайда өз тәжірибемнің негізінде оң нәтижеге қол жеткізу үшін алдыма мынадай мақсат қойдым:

— заман талабына сай білімді, білікті, дүниетанымы кең, шығармашылық қабілеті дамыған жеке тұлға қалыптастыру.

Мұғалімнің осы шығармашылық әрекеті арқылы оқушының шығармашылық қабілеті қалыптасады. Ал, көшбасшылық қабілеттер шығармашылық елес, шығармашылық ойлау арқылы жүзеге асады. Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсыновтың «Ұстаз үздіксіз ізденгенде ғана, шәкірт жанына нұр құя алады», – деген сөзі ізденімпаз, жаңаша ұстаздарға арналғандай. Мұны әрбір мұғалім жадында сақтауы тиіс.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.